Автор: Алдиярова Меруерт Тлеубергеновна
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Презентациялар
Тақырып: Презентацияларға арналған ақпарат

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.3.1 слайд үшін макет таңдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Презентацияға слайд қосу үшін Слайд құру командасын орындау. Басым көпшілігі: Слайдқа макет таңдау Кейбір оқушылар: Арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Презентация, слайд, макет, дизайн Түйін сөздер: Презентация- Презентация- Presentation Слайд-Слайд-Slide Макет-Макет-Layout Дизайн-Дизайн-Design Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Мен осы дизайнды таңдадым, себебі... Әдемі презентация болу үшін қосу керек ...
Күтілетін нәтиже:	Презентацияға слайд қосу үшін слайд құру командасын орындайалады.
Бағалау критерийлері:	- Презентацияға слайд қосу үшін Слайд құру командасын орындайды. - Слайдқа макет таңдайды. - Арнайы тақырыпқа сай фотосуреттерді қолданып презентация жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету. - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд
Пәнаралық байланыс:	Математика- Дүниетану, Өнер (дайын дизайнмен жұмыс); Ағылшын тілі, Орыс тілі- терминдерді қолдану
Бастапқы білім:	Презентацияға арналған ақпарат

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезені. Сыныпта психологиялық жағымды ахуал орнатамын. «Аялы алақан» әдісі бойынша бір- біріне жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту. Оқушылар шеңбер болып отырады. «Бүгінгі сабақтан не алғыңыз, не көргіңіз келеді?» - сұрағын оқушыларға қойып, сұрақтарға жауап алу. Бастапқы оқушы жанындағы көршісінің қолын ұстайды.Тренинг шеңбер бойымен жалғасады. (Тренинг соңында оқушылардөңгеленіп қолдарын ұстайды). Сынып оқушыларымен «Мозайка» әдісінқолданып, сурет қиындыларын біріктіру арқылы топқа бөлінеді. - Қалайойлайсыңдар, құрастырған суреттерің нені білдіреді? (Оқушылар жауаптаруысынады, және де кілт сөздерді анықтайды: ақпарат, іздеу, интернет).Алдыңғы білімді еске түсіру: «Ғажайып қоржын» ойыны.Қоржын ішіндеөтілген тақырыптар жазылған 5 сұрақ жасырылады. Оқушылар әр бірсұраққа жауап беріп ұпайларын алып отырады. 1. Презентацияға фигураларды қалай қоюға болады? 2. Презентацияға ақпаратты қайдан аламыз? 3. Слайд дегеніміз не? 4. Презентация жасау үшін қандай әрекеттер орындау керек? 5. Неге презентацияға арналған ақпараттарды іздегенде ғаламторды көбірек қолданамыз? Бағалау: Смайликтер арқылы бағалау	Оқулық, қима қағаздар, 5e4a04e6888e9.png Image not found or type unknown 5e4a0505e344a.png Сурет, кеспе Image not found or type u 5e4a0520a53bb.png Image not found or type unknown Өте жақсы 5e4a053fe4104.png Image not found or type unknown Жақсы 5e4a0569287ca.png Image not found or type unknown Талпын

Сабақтың ортасы	Мұғалімнің түсіндіруі: «Блум таксономиясы»: Слайд арқылы мұғалім оқушыларға жаңа сабаққа қысқаша түсінік беріледі. Презентацияға слайд қосу үшін Басты (Главная-) – Слайд құру (Создать слайд) командасын орындаймыз.Жаңа слайд құру барысында өзімізге ұнаған макетті таңдауға болады: титулық слайд немесе әртүрлі нысандары бар слайд т.б (64 сурет) 5e4a06880e00b.png Image not found or type unknown 64- сурет Слайдқа макет таңдау Егер таңдаған слайдтың түсі ұнамаса, Дизайн -Түстер - Тақырыптың жаңа түстерін құру командасын орындап, пайда болған сұхбат терезесіне өзімізге өзімізге ұнаған түсті қойып, сақтай аламыз. Презентация құрғанда безендіру шаблондарын қолдану үшін мына командалар орындалады:Файл - Құру (Создать) командасын орындап, Презентация құру (Создать презентацию) терезесінде Безендіру шаблондары (Шаблоны оформления) бетін ашу керек (65 сурет). 5e4a070131085.png Image not found or type unknown 65- сурет. Безендіру шаблондары. Дизайн мәзірін қолданып, слайд беттерінің параметрлерін өзгертуге болады. Слайд мөлшері батырмасының көмегімен Слайд бағытын (Орентация слайда) ауыстыра аламыз. Кітап түрінде (Книжная) немесе Альбом түрінде (Альбомная) бағытына ауыстыруға болады. 1- Тапсырма. Практикалық жұмыс: Суретті пайдаланып, жануарлар дүниесінің алуан түрлілігі туралы презентация жаса. Презентацияны өзіңе ұнайтындай етіп безендіріп, бумаңа сақта. Мұғалім презентациялар жасау бойынша «Пайдалы кеңес» әдісі арқылы оқушыларға 7 пайдалы кеңес ұсынады. 5e4a072f931df.png Image not found or type unknown 1. Ақпараттық блоктарды дұрыс орналастырыңыз Слайдта алдымен үлкен қаріппен жазылған тақырып, содан кейін шағын түсіндірме мәтін, ал оң жақта – иллюстрациялар тұрады. 2. Ешқандай ұзақ сөйлем болмауы керек Тек идеяларыңызды қорытындылап, оларды тізіп жазып, слайдта көрсетсеңіз болды. 3. Аз болса, жақсы деген сөз Жоғарыда айтылғандай, PowerPoint-тегі нашар презентацияның басты белгісі – слайдта ақпараттың шектен тыс көп болуы. Слайдты толықтай ақпаратпен толықтырып тастаған жағдайда жұмысын қиындатып, кедергі жасайды. Жақсы слайдта бос кеңістік болуы керек. Себебі, адамдар әрдайым негізгі кеңістіктерге назар аударады. Сонымен бірге, презентация жасауда 6×6 ережесін сақтауыңыз керек. Әрбір слайдта ең көбі 6 тармақ болуы керек және әрбір тармақта 6 сөзден көп болмауы тиіс.. Ақпарат көзге бірден көрінбесе қабылдауды нашарлайды, сондықтан сөйлемді бір жолға сәйкестендіріп жазу керек. 4. Қарапайым түстерді қолданыңыз Презентация құрастыруда слайдтардың түстеріне назар аудару қажет. Тым жарқын түстерді қолданудың қажеті жоқ, түсті үнемдеп пайдаланыңыз.Ашық фонда қара түсті немесе қараңғы фонда ашық түсті мәтін әрдайым көрермендердің назарын өзіне тартады. Сондай-ақ, қарқынды градиенттерден де аулақ болуыңыз керек, себебі бұл мәтінді қабылдауды қиындатады. 5. Қаріпті кермей қолданыңыз Кертілген қаріп басып шығарылатын басылымдарда көрінеді, бірақ олар презентацияға жарамайды. Сондықтан слайд жасауда Helvetica, Tahoma, Verdana және т.б сияқты қаріптерді пайдаланған жөн. Мұндай қаріптерді экраннан оқу әлдеқайда жеңіл. Бірақ қаріпті таңдаған кезде өте жұқа немесе тым тар сызықтардан аулақ болу керек. Презентацияда қаріптердің шектеулі санын пайдалану керек, яғни үш түрі жетеді. Әрбір қаріп өзінше өзгеше, ол өзі эмоциялық хабарды таратады. Сондықтан қаріптің пішіні презентация тақырыбына сәйкес келуі керек. 6. Қаріптің көлемі 30 pt-дан аз болмауы керек Көптеген сарапшылар презентациядағы қаріп өлшемі кем дегенде 30 pt болуы керек. Қаріптің жеткілікті үлкен мөлшері мәтінді оңай оқуға мүмкіндік береді. Тым үлкен әріптермен де жазудың керегі жоқ. Өйткені, ақпарат бос кеңістікте болуы керек және слайд түсінуге жеңіл болуы тиіс. 7. Қаріпті шамадан тыс сәндеп, өзгертудің қажеті жоқ Өздеріңіз	Презентация 1-2 «Арман- ПВ» 2019 жыл,89 бет «Арман - ПВ»баспасы, 2019 жыл, 92- бет 5e4a08d307a4f.png Image not found or type unknown А4 парағы, АКТ 4- сынып, «Арман - ПВ»баспасы, 2019 жыл, 92- бет

Сабақтың соңы	Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:	
Рефлексия	- Бүгін нені түсіндің: - Сен үшін тақырып қаншалықты маңызды: - Сабақта неден қиналдың:	